



Ақмешіт

6 қаңтар
сейсенбі
№1 (2213)
2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз жыл сайын мерзімді баспасөзге ауқымды сұхбат беру арқылы белгілі бір саяси дәстүр қалыптастырдыңыз деуге болады. Осы орайда, «Turkistan» газетінің ұсынысын қабыл алғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

– «Turkistan» газеті 30 жылдан бері тұрақты шығып келеді. Бұл – Қазақстандағы ең ықпалды баспасымының бірі. Газеттің атауында да өте үлкен мән-мағына бар. Басылым тілшілері ел ішіндегі өзекті мәселелермен қатар, тұтас түркі жұртына ортақ тақырыптарды да көтеріп жүреді. Бұл өте жақсы дәстүр деп санаймын. Шетелде жұмыс істеп, түрлі салада табысқа жеткен қазақтар туралы мақалаларды қызығушылықпен оқимын. Қазақстан мен өздері тұрып жатқан елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға үлес қосып жүрген осындай үш азаматты арайы марапаттадым. Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазіргі өзінде кездестіруге болады. Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқытыпым рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз. Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын.

Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына қуанамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ.

– Сұхбатымыздың бас жағында әлетегідей өткен жылдың қорытындысы туралы сұрағым келеді. Былтыр өте көп оқиға болғаны белгілі. Дегенмен, 2025 жылдың басты нәтижесі қандай деп ойлайсыз?

– Шынымен де, айтулы оқиғалар аз болған жоқ. Көзді ашып-жұмғанда бір жыл өтсе шықты, бұл сұрағыңызға табан астында жауап бере қою қиын. Мысалы, экономикамыз 6 пайыздан астам өсті. Ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межелесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Бұл – елімізбен қатар, бүкіл өмір үшін рекордтық көрсеткіш. Жалпы, ойлағдай жұмыс істеді деуге болады. Бірақ, мен барлық мемлекеттік қызметшілерге тоқмелісіп, масайрап отыруға мүлде болмайтынын үнемі айтамын. Шығыс халықтары «Тегіс жолдың өзінде тосқауыл бар» дейді. Біз тынымсыз еңбектеніп, тек алға ұмтылуымыз керек. Оның үстіне, түйіні тарқатылмаған түйткілдер аз



емес. Бұл – ең алдымен, инфляция деңгейінің жоғары болуы. Соның салдарынан азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр. Биыл Үкімет пен әкімдер мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұғырын нығайту үшін көп жұмыс істеуі керек. Дәйітпегенмен, еліміздің реформаларды жүзеге асыруға біржола бет бұрғанын өткен жылдың басты қорытындысы деуге болады. Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қалам басып, барынша өркендетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты. АҚШ президенті Трамптың «ақылға сыйымды ой» стратегиясының ықпалымен жаһандану үдерісі кейінге ысырыла бастады. Біз де Қазақстанда әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық сияқты мемлекетіміздің болашағы үшін айрықша маңызды қағидаттарға негізделген қоғам құрып жатырмыз. Ұзақ мерзімге арналған нәтижеге жету үшін бұл жұмыс жана жылда екі есе тын қарқынмен жалғасын табады.

– Былтыр жана Салық кодексі қызу талқыға түсті. Жұрттың көкейіне күдік-күмән ұялап, көптеген сауал туындады. Бір жағынан, қажетті экономикалық реформаларды жүргізуге мүмкіндік

беретін, екінші жағынан, азаматтардың тұрмыс жағдайын төмендетіп жібермей, таразы басын тең ұстайтын тиімді жол бар ма?

– Әрине, салық реформасы – өзекті мәселе және бұған қатысты пікірталастардың болуы әбден түсінікті. Дегенмен, ел ішінде дүрбелең туғызып, жұртты дүрліктрудің ешқандай жөні жоқ. Мұндай реформа көптеген елде жүргізіліп жатыр. Мысалы, Ресейде қосымша құн салығы жуырда 22 пайызға дейін көтерілді. Біздің реформамыз – қатардағы «фискалдық науқан» емес, салық жүйесін қайта құру деген сөз. Алдымызда тұрған басты міндет – экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Үкіметке ашық әрі ұғынықты Салық кодексін әзірлеу тапсырылды. Министрлер кабинетінің бұл тапсырманы қанағалықты табысты орындап шыққанын биыл көретін боламыз. Бұрынғы Үкімет қосымша құн салығын, тіпті, 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Олар фискалдық саясатқа қателік жіберілгенін ескере отырып, мұндай қадамның өте қажет екенін мойындады. Талқылау барысында қазіргі Үкімет те қосымша құн салығын 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Алайда, мен Үкіметке оның жоғарғы шегін 4 сатыға төмендету туралы тапсырма бердім. Жаңа Салық кодексінде бақылау жасауға емес, өзара

серіктестік орнатуға баса мән беріледі, яғни, осы үдеріске қатысушылардың бәрі – мемлекет те, бизнес те, азаматтар да өз міндетін адал орындауға тиіс. Бірін-бірі өзара толықтырып тұратын мұндай жүйеде салық төлеу ауыртылдық ретінде қабылданбайтын болады. Түптеп келгенде, салық төлеу деңгейіміз – заманауи қоғамдық келісімшарт деген сөз. Салық төлесеніз – қызмет көрсетіледі, инфрақұрылым салынады, қауіпсіз орта қалыптасады, тың мүмкіндіктер пайда болады. Керек десеңіз, бұл – әділдік болу үшін жүктемені қайта бөлу құралы, әлеуметтік тұрғыдан әлсіздерді қолдау және экономикалық тұрғыдан «белсенді ортаны» одан әрі дамыту тәсілі. Бүкіл әлемде фискалдық саясаттың тиімділігі оны жүргізудің сапасымен, жұрттың салық жөніндегі сауатымен және қоғамның сана-сезімімен өлшенеді. Салық төлеу мәдениеті дәл осылай қалыптасады. Салық төлеу бұрын міндет болса, енді отаншылдықтың озық үлгісіне айналады. Мұны сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам құрудың төте жолы деуге болады. Себебі, салығын адал төлейтін азаматтар өз қаржысының алаяқтардың қалтасында кеткенін мүлдем ұнатпаса анық.

2-3-БЕТТЕРДЕ

ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС КҮТІП ТҰР?



ФОТО АРХИВ: Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Биыл бірқатар салаларда өзгеріс бар. Атап айтсақ, әлеуметтік қолдау, қаржы жүйесі, медициналық қызмет, құжат рәсімдеу мен қоғамдық тәртіп салаларына қатысты жаңа заң қабылданды. Аталған өзгерістер азаматтардың күнделікті тұрмысына, табысы мен шығынына тікелей ықпал ете ме? Быылғы өзгерістерге шолу жасадық.

АЕК өседі: төлемдер мен айыппұлдар да ұлғаяды

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшері 4325 теңге болып бекітілді. АЕК-тің ұлғаюы әлеуметтік төлемдерге, жәрдемақыларға, сондай-ақ әкімшілік айыппұлдарға да тікелей ықпал етеді. Салыстырып айтсақ, 2025 жылы (кемі) 5 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеген азамат



қалтасынан 19660 теңге шығарған болса, енді ол айыппұл 21625 теңге болады. Яғни, АЕК-тің өсуі қарапайым азаматтың қалтасына да, бизнеске де тікелей әсер етеді. Сонымен, 1 қаңтардан бастап: айлық есептік көрсеткіш – 4325 теңге, ең төменгі күнкөріс деңгейі 50851 теңге, ең төменгі базалық зейнетақы төлемі 35596 теңге, ең төменгі зейнетақы 69049 теңгені құрайды. Дегенмен, айыппұлдар саны артқан. Мәселен, мемлекеттік рәміздерді қорлағаны үшін салынатын айыппұл көлемі 3000 АЕК-ке дейін жетіп, 12 миллион 975 мың теңгені құрайды. Қоғамдық орындарға қокыс тастаған азаматтар алғаш рет 20 АЕК (86500 теңге), ал ескертуді елемей, қайталанған жағдайда 30 АЕК (129750 теңге) айыппұл төленеді. Түнгі тыныштықты бұзған жеке тұлғаларға 5-10 АЕК (21625-43250), ал кәсіпкерлерге 20-150 (86500-64 8750) АЕК аралығында айыппұл салу қарастырылған. Сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін бұзу, көлік жүргізу кезінде телефон қолдану, қауіпсіздік белбеуін тақпау секілді әрекеттер үшін де айыппұл көлемі артады. Мәселен, көлікті жүргізу кезінде телефон пайдаланғаны үшін 2-10 АЕК (8650-43250), ал жолды кесіп өткені үшін 2-10 АЕК (8650-43250), егер автобуста жолақыны төлемей, тәртіп бұзғандарға 2 АЕК (8650) теңге көлемінде айыппұл төлейсіз.

МӘМС жүйесіндегі жаңалық

Енді міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі де жанаша форматта жұмыс істей бастайды. Жаңа жылдан бастап қант диабеті, балалардың сал ауруы, ревматизм, бірқатар созылмалы аурулар МӘМС пакеті аясында толық қамтылады. Яғни, бұл диагнозы бар науқастар дәрігер кеңесін, емдеу шараларын және қажетті дәрі-дәрмектерді сақтандыру есебінен ала алады.

4-БЕТТЕ



ЖАҢА НЫСАН

Кеше облыс орталығында
«Достық үйі» ғимараты салтанатты
түрде ашылды.

ДОСТЫҚ ҮЙІ — ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ МЕКЕНІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы ассамблеясының XXXIV сессиясында: «Былтыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы – Түркістанда жаңа «Достық үйі» ашылды. Мұндай үйлер енді тағы бірнеше қала мен аудан орталықтарында ашылады деп жоспарлануда. Мен бұл бастаманы қолдаймын. Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беруіміз керек» деген еді. Өткен жылы қаламызда жаңа «Достық» үйінің іргетасы қаланған еді.



Жаңа ғимараттың ашылуына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, сенаторлар, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Құны 3 млрд 800 млн теңгені құрайтын ғимарат ішінде 200 орындық концерт залы, 2 конференц зал, облыста қызмет ететін этномәдени бірлестіктерге арналған кабинеттер бар. Сонымен қатар белсенді жастар мен үкіметтік емес ұйымдарға арналған зал, жеке кабинеттер қарастырылған.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖАҢА ЖЫЛДЫ ЖҰМЫСТА ҚАРСЫ АЛҒАНДАР

Жаңа жылды қазақстандықтар отбасылық дастарханда отырып қарсы алу дәстүрге айналған. Мерекелік көңіл күйдің әсерін еселеу үшін халық отшашу ататыны тағы бар. Алайда халықтың мерекені тыныш, әрі қауіпсіз тойлауы үшін төтенше жағдайлар қызметкерлері, жедел жәрдем тағы да басқа мамандар мереке күні жұмыс орынында қарсы алады. Өңірлік коммуникациялар алаңында тәулік бойы жұмыс істеген мекеме өкілдері брифинг берді.



Мереке кезінде оқыс жағдайлардың алдын алу үшін облыстық ТЖД күшейтілген режимде жұмыс істеді. 31 желтоқсаннан бастап 5 күн бойы департамент құрамынан құрылған жедел топ тәуліктік кезекшілік ұйымдастырды.

– Облыстық ТЖД бөлімшелері күшейтілген кезекшілік уақытында 22 рет жедел оқиға орнында болды. Республикалық және облыстық маңызы бар автокөлік жолдарында төтенше жағдайлар тіркелген жоқ, барлық бағыттардағы автокөлік жолдары ашық. 2025 жылғы 31 желтоқсан мен 2026 жылғы 04 қаңтар аралығында «Қазгидромет» Қызылорда филиалы 4 дауысды ескерту берді. Облыс бойынша орта есеппен 164 қызметкер жұмылдырылды, – деді облыстық ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Асхат Оразбеков.

Мереке кезінде облыстық медициналық жедел жәрдем станциялары қысқартылған режимде жұмыс істеді. Облыс бойынша 6700 қоңырау түсіп жедел шақырулар орын алса, қала бойынша бұл 3989 ға жетті.

– 31 желтоқсаннан бастап 4 қаңтарға дейін 103 желісіне түскен шақырулардың 4610-ы 1-3 санаттағы шақырылған науқастар болса, 2090 келіп түскен қоңырау 4 санатта. Облыс орталығында жол көлік оқиғасы бойынша 10 жағдай тіркеліп, оның 17-сі зардап шеккендер қатарында. Жаңа жыл түні Қызылорда облысында 54 саби дүниеге келді. Оның 25-і ұл болса, 29-ы қыз, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының емдеу-алдын алу жұмыстары жөніндегі орынбасары Жаныл Исақызы.

Азаматтардың қауіпсіздігі және халықтан келіп түскен өтініштерге жедел ден қою мақсатында жедел әрекет ету орталығы да жаңа жыл қарсаңында күшейтілген режимде жұмыс істеді. 112 желісіне өрт оқиғасы, төтенше жағдай, жедел жәрдем бағыттары бойынша 3583 хабарлама келіп түскен. Ал 109 желісіне келіп түскен өтінімдер саны 1973. Өтініштердің жалпы бағыты электрмен жабықтау, су жүйесі, табиғи газ, көше жарығы мәселелері. «Жедел әрекет ету орталығы» КММ-ның директоры Бағлан Терлікбаев барлық өтініштер жедел түрде тіркеліп, полиция, жедел медициналық жәрдем, төтенше жағдайлар департаменті және коммуналдық қызметтерге уақытылы жолданғанын жеткізді.

Отбасылық мереке – жаңа жылды туыс туғандарымен бір дастарханда отырып қарсы алу әркімнің-ақ арманы. Дегенмен бұл күні жедел жәрдем қызметкерлері қалыпты режимде жұмыс істей береді. Соның бірі отбасылық медициналық жедел жәрдем станциясының фельдшері Гүлімай Сәрсенбаева мереке кезінде жұмыс істеп, ем іздеген науқасқа көмектесу, халықтың алғысын алу маңызды екенін айтады.

– Жаңа жылды отбасында қарсы алмасам да олар менің жұмысыма түсіністікпен қарады. Жұмыстағы әріптестерім де менің бір отбасым секілді, – дейді дәрігер.

Думан КЕҢШІЛІК

